6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің болуы және талдау.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) жұмыс оқу жоспарымен сабақтар кестесінің болуы және сәйкестігі
2) оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру
3) тәрбие жұмысының іске асырылуы
4) сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру
5) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейіндік оқытуды іске асыру
6) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру
7) ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру
8) „Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын игеру
9) „Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру.
10) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін сақтау

Оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар
1) апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы
2) инвариантты және вариативті компоненттің апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы
3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:
1) жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) білім алушылардың дайындық деңгейі.
2) оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау

Оқу мерзіміне өлшемшарттар:
1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзіміне қойылатын талаптарды сақтау
2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.